



201 \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
года \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

от « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 \_\_\_\_\_

№ № \_\_\_\_\_

№ исх: 20-36/865 от: 17.04.2017

Қазақстан Республикасы  
Парламенті  
Мәжілісінің депутаттарына

2017 жылғы 17 наурыздағы № ДС-68

Құрметті депутаттар!

Тастанды балалардың проблемасын шешу туралы депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жүкті әйелдерді есепке қою мен бақылау бойынша қызметіне қатысты*

«Халық денсаулығы және денсаулықты сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 90-бабының 2-тармағына сәйкес жүкті әйелдер жүктіліктің он екінші аптасына дейінгі мерзімде медициналық есепке тұруға міндетті.

«Акушерлік-гинекологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 27 тамыздағы № 593 бұйрығына сәйкес әйелдерді жүктілік уақытында және босанғаннан кейінгі кезеңде есепке алуды алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарының және денсаулық сақтау ұйымдары, консультативтік-диагностикалық көмек көрсететінаушерлік гинекологияның бөлімшелері жүзеге асырады.

Ерте жастағы балалар мен жүкті әйелдерді күту және отбасын құруды жоспарлауды қоса алғанда, репродуктивті денсаулықты қорғау мәселелері бойынша тұрғындар арасындағы білімді дәріптеу, босанғанға дейінгі күтім мен отбасын жоспарлау қызметін жетілдіру бойынша іс-шараларды көздейтін ерте жүктілік пен баладан бас тартудың алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасында 2016-2019 жылдарға арналған балалар және босандыру

қызметінің ықпалдастырылған моделін енгізу және жұмыстың тиімділігін арттыру бойынша Жол картасы<sup>1</sup> іске асырылуда.

Қазіргі қоғамдағы отбасының маңыздылығы мәселелері бойынша тұрғындарды ақпараттандыру деңгейін арттыру үшін медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдары деңгейінде Отбасылық денсаулық орталықтары, жастарға мейірімді клиникалар, жастар денсаулық орталықтары және денсаулықты нығайту орталықтары жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта аналар мен балаларға медициналық көмектің сапасын көтеру үшін ЮНИСЕФ-тің қолдауымен патронаждың прогрессивті-эмбебап қызмет моделінің пилоттық жобасы енгізілуде. Бұл балалардан бас тарту, тұрмыстық зорлық, балаларды сату, т.б. алдын алу үшін әлеуметтік жағынан осал топтардағы тұрғындарды анықтауға мүмкіндік береді.

Қабылданып жатқан шаралардың арқасында кәмелетке толмағандар арасындағы жүктілік саны соңғы екі жылда 4702-ден 4090-ға, кәмелетке толмағандар арасындағы түсік тастау 700-ден 564-ға дейін төмендеген, ерте диспансерлік бақылаумен қамтылған жүктілер саны 78,1%-дан 81,6%-ға дейін артқан.

*Рухани-адамгершілік құндылықтар бойынша арнайы бағдарлама қабылдауға қатысты*

Білім беру жүйесінде репродуктивті денсаулықты қорғау, сондай-ақ адамгершілік-жыныстық тәрбие беру Қазақстан Республикасындағы тәрбиелеудің 2015-2020 жылдарға арналған адамгершілік-жыныстық тәрбие жөніндегі тұжырымдамаға<sup>2</sup>, тәрбиелеудің 2015-2020 жылдарға арналған тұжырымдамалық негіздерін<sup>3</sup> іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2016 жылы Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына<sup>4</sup> өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін күшейтуді көздейтін өзгерістер енгізілді. Биология, өзін-өзі тану, өмір қауіпсіздігі негіздері, химия пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары репродуктивті денсаулық және мектеп оқушыларының гигиеналық тәрбиесі, қарама-қарсы жыныстағы адамдармен қарым-қатынас мәдениеті, денсаулықтың құндылықтары, жыныстық гигиена туралы және т.б. мәселелерді зерделеуді көздейді. «Өзін-өзі тану» пәні шеңберінде мектеп оқушыларында «денсаулықтың құндылығы», «зиянды әдеттер және қарама-қарсы жыныстағы адаммен қарым-қатынас жасау мәдениеті» сияқты ұғымдар қалыптасады.

Өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайту мақсатында, оның ішінде репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша білім беру ұйымдарында арнайы акциялар, пікірталастар, дәрістер, сынып сағаттары өткізіледі. Өмірдің қиын жағдайына тап болған жастар мен жасөспірімдерге психологиялық көмек

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі 2016 жылғы 9 ақпанда бекіткен

<sup>2</sup>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 қарашадағы № 1500 қаулысы

<sup>3</sup>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығы

<sup>4</sup>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысы

көрсету мақсатында республикамызда «150» нөмірі бойынша балалар мен жастарға арналған ұлттық сенім телефоны жұмыс істейді.

Отбасын қолдау, нығайту және қорғау үшін Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы<sup>5</sup> бекітілді. Аталған Тұжырымдаманы іске асыру үшін Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары (бірінші кезең 2017-2019 жылдар)<sup>6</sup> бекітілді. Жоспарда адамгершілік-жыныстық тәрбие берудің заманауи әдістемелерін енгізу, жастар, халықтың осал топтары және ауылдық жерлердің тұрғындары арасында аборттардың, қаламаған жүктіліктің алдын алу үшін репродуктивті және сексуалды денсаулықты қорғау жөніндегі қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету көзделген.

Сонымен бірге тұлғаның рухани-адамгершілік жағынан дамыту бойынша жұмыстарды күшейту үшін Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына тиісті толықтырулар енгізу жоспарлануда (бұдан ары - Мембағдарлама)<sup>7</sup>.

Осылайша тұлғаны рухани-адамгершілік тәрбиелеу бойынша шаралары Мембағдарлама деңгейінде үйлестіру және жаңа міндеттерді шешу есебінен қолданыстағы құжаттар шеңберінде күшейтілетін болады.

*Объективті себептерге байланысты балаларының тәрбиесімен айналысуға мүмкіндігі жоқ ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруға қатысты*

Оқу орындарының педагогикалық ұжымдары ата-аналармен бірлесіп күнделікті негізде балаларды тәрбиелеу мәселесін шешеді. Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілігін көтеру, отбасы институтының рөлін және балалардың, жасөспірімдердің денсаулығын сақтау және нығайту мәселелері бойынша тұрғындарды ақпараттандыру деңгейін күшейту, кәмелетке толмағандардың репродуктивті денсаулығын қорғау Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың іс-шаралар жоспарында<sup>8</sup> 2015-2020 жылдарға арналған тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін<sup>9</sup> іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген.

Республика өңірлерінде өмірдің қиын жағдайына тап болған балалар мен ата-аналарға психологиялық көмек көрсететін 158 сенім телефоны құрылып, жұмыс істейді, ұлттық ақпараттық компаниялар өткізіледі.

Ата-аналардың әлеуметтік жауапкершілігін күшейту мақсатында Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - министрлігі) тарапынан ата-аналардың

<sup>5</sup>Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы

<sup>6</sup>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 106 қаулысы

<sup>7</sup>Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы

<sup>8</sup>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 243 Қаулысы

<sup>9</sup>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығы

республикалық съездері, әкелер слеті, балаларды тәрбиелеу және білім берудің өзекті проблемалары бойынша қоғамдық тыңдауларды тұрақты өткізіп тұрады.

Қазіргі уақытта мектептерде бір мезгілде «Ата-аналар сағатын» өткізудің тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу жұмыстары жүргізілуде және оны тікелей онлайн режимде өткізу жоспарлануда.

Министрлік ата-аналардың балаларды дамыту және оқыту мәселелері бойынша хабардар ету мақсатында «Отбасы.kz» сайты әзірледі. Бүгінгі күнге дейін сайтта 2800 адам тіркелген. Сайт ата-аналарға арналған негізгі консультациялық пункт ретінде тұрақты түрде жетілдіріліп отыратын болады.

Жалпы алғанда, отбасы, мектеп және қоғамдық институттар арасындағы қарым-қатынасты белсендендіру бойынша шаралар Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде күшейтілетін болады.

*Жастар арасында «Үміт» бөлімшелерін тағайындау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуге қатысты*

Сәбилер үйі жанындағы «Үміт» бөлімшелерінің қызметі туралы азаматтарды ақпараттандыруды әлеуметтік жетімдіктің алдын алу бойынша қызметті жандандыру мақсатында Қазақстан азаматтарының отбасыларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жұмыстарды ақпараттық-түсіндіру және насихат жұмысының жоспары шеңберінде жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді.<sup>10</sup>

Қабылдаушы отбасы институтының жағымды имиджін қалыптастыру, әлеуметтік жетімдіктің алдын-алу, жетім балаларды отбасыға орналастырудың барлық нысандары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары барлық өңірлерде министрлігі әзірлеген ұсынымдар негізінде жүзеге асырылуда.

Қоғамдағы отбасы құндылықтарын нығайту мақсатында мемлекеттік ақпараттық саясат шеңберінде «Балалықты, ананы қорғау, неке мен отбасы институтын нығайту, отбасы құндылықтарын түсіндіру және ақпараттық жылжыту» арнайы тақырыптық бағыттағы тақырыптық бағытта әзірленген. Республикалық телеканалдар эфирінен «Біздің үйі», «Әр үйдің сыры басқа», «Өмір жолы», «Мерейлі отбасы», т.б. бағдарламалар көрсетіледі.

*Отбасы және әйелдер мәселелері бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, комиссиялардың, қоғамдық ұйымдардың өзара қарым-қатынасын күшейту қажеттілігіне қатысты*

Мемлекеттік органдар «Ана үйі», «Жанұя», «Милосердие» еріктілер қоғамы» қоғамдық қорлары мен «Шығармашыл бастамашыл әйелдер лигасы» қоғамдық бірлестігі, «Бала отбасында өмір сүруі тиіс» сияқты қоғамдық қозғалысы және т.б. азаматтық қоғам институттарымен отбасы және әйелдер саласындағы әлеуметтік маңызды жобалар бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыруда.

Мәселен «Аналар үйі» Қоғамдық қорымен бірлесіп 2016 жылы 143 жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған

<sup>10</sup>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 2017 жылғы 28 ақпандағы №22-н бұйрығы

мекемелерде 705 психолог, әлеуметтік педагогтар мен тәрбиешілер үшін оқыту семинарлары өтті. Республикамыздың әрбір өңірінде қабылдаушы ата-аналарға консультация беру орталықтары, тұрғындармен ақпараттық-консультациялық жұмыс бойынша колл-орталықтар ашылған.

Отбасы мен балалар құқығын қорғау саласындағы 120-дан астам үкіметтік емес ұйымдарымен 2016 жылы 25 маусымда Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қолдауымен өткен республикалық конференцияға қатысты.

Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу, отбасылық қолайсыздықты ерте анықтау, отбасыларға жеке кешенді көмек көрсету үшін 2016 жылы Астана, Алматы қалаларында пилоттық режимде бала және отбасын қолдау орталығы құрылды. Қазіргі уақытта олардың жұмысын нормативтік-құқықтық жағынан бекіту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ағымдағы жылы азаматтық қоғам және мемлекет институттарының өзара қарым-қатынастарын нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің желісі бойынша отбасын, ана мен баланы қорғау саласындағы іс-шараларды өткізуге гранттар ұсыну үшін республикалық бюджеттен 695,3 млн. теңге қарастырылған.

*«Baby box» (бұдан әрі – бэби-бокс) орнатуға қатысты*

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, соңғы он жылда Еуропалық Одақтың 11 елінде 200-ге жуық бэби-бокстардың орнатылуы тастанды балалар санының азаюына әкелген жоқ. Швеция, Венгрия, Германия, Австрия сияқты елдер тастанды балаларға арналған бэби-бокстарды пайдаланудың тиімсіздігіне байланысты мұндай тәржірбиеден бас тартқан.

ЮНИСЕФ, БҰҰ-ның Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, адам құқығы бойынша Жоғарғы Комиссар Офисіде әр баланың өз ата-анасын білу құқығын бекітетін Бала құқықтары туралы конвенцияның нормаларына қайшы келетіндіктен, бэби-бокстарды орнатудан бас тартуды ұсынған болатын.

Бэби-бокстарды орнату 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 47, 70-баптарының, сондай-ақ 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 119, 140, 141-баптарының талаптарын бұзады.

Бастысы, бэби-бокстарды пайдалану нәрестелердің көшеде қалдырып кету салдарынан шетінеп кету проблемаларын шешпей, тастанды балалар санының артуына және отбасылық құндылықтарды ескере отыра қоғамда теріс пікірдің орын алуына әкелуі мүмкін.

Қазіргі уақытта баладан бас тартудың алдын алу сияқты әлеуметтік маңызды мәселені шешу үшін «Ана үйі» қоғамдық қоры барлық өңірлерде 25 дағдарыс орталықтарының базасында жүктілік мерзімінде өмірдің қиын жағдайына тап болған әйелдер үшін «Ана үйі» жобасын іске асыруда. Статистика бойынша ай сайын дағдарыс орталығына жаңа туған нәрестелермен 45-ке жуық ана түсіп отырады.

«Ана үйі» жобасының тәжірибесін ескере отырып, мемлекеттік органдардың мемлекеттік емес органдармен бірлесіп нәрестелердің өмірін

сақтап қалу, әйелдердің өмірдегі қиын жағдайларды жеңу, отбасылық құндылықтарды нығайту бойынша жүргізіп жатқан басқа да кешенді шараларымен бірге жалғасатын болады.

Осы мақсатта Үкімет уәкілетті мемлекеттік органдарға көрсетілген проблемаларды шешуге бағытталған қосымша шаралар қабылдау тапсырмасын берді.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Б. Сағынтаев**